

## **Қалалық және қала маңындағы қатынастарда жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтерін келісу туралы**

Қарағанды қалалық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 144 шешімі

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19-бабының 5-тармағына сәйкес Қарағанды қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

Қарағанды қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық және қала маңындағы қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауға келесі мөлшерде сараланатын тариф келісілсін:

- 1) Интернет желісі және ұялы байланыс құрылғыларын қоса алғанда, электрондық төлеу жүйесі арқылы жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде - 100 (жүз) теңге;
- 2) жол ақысын қолма-қол төлеу кезінде - 200 (екі жүз) теңге.

*Қалалық мәслихат төрағасы*

*А. Бөкенов*